

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы  
медицина колледжі**

**ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛЫҚ**

**Пән: «Кәсіби этика, деонтология және қарым қатынас психология»**

**Мамандығы: 09110200 «Ортопедиялық стоматология»**

**Біліктілігі: 4S09110201 «Тіс технигі»**

**Курс: 2**

**Семестр: 3**

**Бақылау түрі: с/сынақ**

**Жалпы еңбек сыйымдылығы сағат/кредиттер KZ: 48/2**

**Аудиториялық сабақ: 24**

**Симуляция: 24**

|                                                                                                           |                                                                                                            |                                                                                                      |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ | <br><b>SKMA</b><br>-1979- | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-2» кафедрасы                                                                                | 80-11-2024 ( )                                                                                             |                                                                                                      |
| Әдістемелік нұсқаулық                                                                                     | 48 беттің 2 беті                                                                                           |                                                                                                      |

«Кәсіби этика, деонтология және қарым қатынас психология» пәні бойынша әдістемелік өңдеу оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.

Оқытушы: А.Ә.Совет

Мамандығы: 09110200 «Ортопедиялық стоматология»

Біліктілігі: 4S09110201 «Тіс технигі»

Әдістемелік өңдеу «Мейіргер ісі-2» кафедра мәжілісінде бекітілді.

Хаттама № 1 " 24 " 09 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі:  Г.Н.Айбекова

|                                                                                                           |                                                                                                              |                                                                                                      |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ | <br><b>SKMA</b><br>- 1979 - | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-2» кафедрасы                                                                                | 80-11-2024 ( )                                                                                               |                                                                                                      |
| Әдістемелік нұсқаулық                                                                                     | 48 беттің 3 беті                                                                                             |                                                                                                      |

## 1-сабақ

**5.1. Тақырыбы:** Кіріспе. «Этика» ұғымы және оның мәні.

**5.2. Сабақтың мақсаты:**

Студенттердің өнегелік мәдениет саласында мәдени жетістіктерді біліп, негізгі заңдылықтары мен формаларын игеруге бағыттау, мораль мен өнегелік туралы білімді меңгеру және қалыптастыру, күнделікті өмірде және кәсіби салада адамгершілік құндылықтары туралы түсініктерді, өнегелік нормаларды зерттеп, қазіргі заманғы этикет ережелерін білу.

**5.3. Оқыту міндеттері:**

- Этика дамуының жалпы заңдылықтарына анализ беру;
- Өнегелік мәдениеттегі әмбебап тарихи этнорегионалды ұлттық феномендерін зерттеу, жалпы адамзаттық өнегелік құндылықтарды игеру;
- Қызметтік міндеттерін орындау мақсатында машықтарды игеру үшін қолданбалы қоғамдық денсаулық сақтау жүйесінде қазіргі заманғы өнегелік мәселелерге мінездеме беру;
- Негізгі психикалық процестердің механизмдері, психикалық күйлер және жеке қасиеттер туралы білімді қалыптастыру;
- Тиімді қарым-қатынас және тұлғаның психогигиеналық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

**5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

**Этика** (Грекше ἠθικόν - «бейімділік, әдет-ғұрып») - пәндері моральдық-адамгершілік нормалары болып табылатын философиялық пән.

Бастапқыда бұл сөз ортақ тұрғын үйді және бірлескен өмірден туындаған ережелерді, қоғамды біріктіретін, индивидуализм мен агрессивтілікті жеңуге ықпал ететін нормаларды білдірді.

Яғни, адамзат қоғамда үйлесімділікке жетуге көмектесетін белгілі бір ережелер мен заңдарды ойлап тапты. Ғылымда этика дегеніміз - білім саласы, ал мораль немесе этика ол оқитын нәрсені білдіреді.

«Этика» ұғымы кейде белгілі бір әлеуметтік топтың моральдық-этикалық принциптері жүйесіне сілтеме жасау үшін қолданылады.

Ежелгі грек философы және ғалымы Аристотель этиканы ізгіліктер жиынтығы тұрғысынан ұсынды. Сонымен, этикалық сипаттағы адам дегеніміз - мінез-құлқы жақсылық жасауға бағытталған адам.

Бүгінгі таңда адамгершілік пен имандылыққа қатысты көптеген этикалық ережелер бар. Олар адамдар арасындағы ыңғайлы қарым-қатынасқа ықпал етеді. Сонымен қатар, қоғамда әртүрлі әлеуметтік топтар (партиялар, қауымдастықтар) бар, олардың әрқайсысының өзіндік этикалық кодексі бар.

Қарапайым тілмен айтқанда, этика адамдардың мінез-құлқын реттеуші болып табылады, ал әрбір адам белгілі бір этикалық стандарттарды өзі анықтауға құқылы. Мысалы, біреу ешқашан корпоративті этика қызметкерлердің бір-бірін теріс пайдалануына мүмкіндік беретін компанияда жұмыс жасамайды.

Этика әр түрлі салаларда: компьютерлік, медициналық, құқықтық, саяси, іскерлік және т.б. Алайда, оның басты ережесі: «Өзіңмен қалай қарым-қатынас жасағың келсе, басқалармен де солай істе» деген алтын қағидаға негізделген.

Этика негізінде этикет пайда болды - адамдар қоғамда өзара әрекеттесу кезінде қолданатын адамгершілік нормаларына негізделген белгілер жүйесі. Айта кету керек, бір ұлт үшін немесе тіпті бір топ адамдар үшін этикеттің көптеген айырмашылықтары болуы мүмкін. Әдептілікке ел, ұлт, дін және т.б. сияқты факторлар әсер етеді.

|                                                                                                           |                                                                                                            |                                                                                                      |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ | <br><b>SKMA</b><br>-1979- | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-2» кафедрасы                                                                                | 80-11-2024 ( )                                                                                             |                                                                                                      |
| Әдістемелік нұсқаулық                                                                                     | 48 беттің 4 беті                                                                                           |                                                                                                      |

Грек антиктігінен бастап, мораль адамның өзі-өзіне билеу шара, адамның өзіне өзі істеген ісіне қаншалықты жауапты екенінің көрсеткіші ретінде түсіндірілді.

Оқу пәнінің шеңберінде «этика» деп пәні ретінде «мораль» немесе «инабаттылық» қарастырылатын ғылымды, білімнің саласын, зияткерлік дәстүрді белгілейді. Оны тағы тәжірибелік философия деп атайды. Оны тек рақымшылдықты тану үшін ғана емес, ең бастысы рақымшыл болу үшін зерттейді. Этика өмірдің әр сәті үшін рецепт бермейді. Ол жалпы бағыт беріп, өз-өзімен диалог құрған адамға көмектеседі. Бірақ әр адам өз-өзімен ішкі диалог жасай алмайды. Сондықтан жоғарыда айтылғанмен қатар этиканы келесілермен белгілейді:

- нормативтік ғылым;
- инабаттылық туралы ілім;
- адам тәртібін түзететін және бақылайтын ережелер жүйесі;
- адам әрекетін бағалаудың, оларды жақтау немесе кінәлаудың әдісі;
- адам арасындағы қатынастар мен тәртіптің «әлеуметтік реттеуіші».

**Аристотель бойынша этиканың мақсаты** – жалпы білім емес, әрекеттерді және олардың мазмұнын бағалау, басты міндет – адами қатынастарды олардың ең жетілдірілген қалпында зерттеу. Аристотель этиканы философияға тәуелсіз, дербес ғылым ретінде көрсетті.

*Этиканың маңызды өзгешілігі* – оның қалыпттылығы. Этиканы тәжірибелі философия ретінде теоретикалық философиядан (физика, математика, басқы себеп туралы ілім) бөлгенде, Аристотель оның соңғы міндет – білімдерді емес, құндылықтарды қалыптастыру екенін мәлімдейді. Ол адами әрекеттің құндылықты негізін көрсетеді, ақыр аяғында бұл әрекет неге бағытталған және оның кемелдігі (рақымшылдық, төзімділік) неден құралатынын белгілейді. Этиканы рақымшылдық (мораль) не екенін білу үшін емес, рақымшыл болу үшін зерттейді. Этика тәжірибемен байланысты, өйткені тәжірибе адамның ақылмен дәлелдеген таңдауына тәуелді. Біртіндеп этикада мәселенің екі түрі қалыптасты:

- адам тәртібін реттейтін, оның әрекеттерін бағыттайтын, адамгершілік жақсылықты бағалау критерийлерін анықтайтын қағиданы (немесе қағидаларды) іздеу;
- жеке мәселелерді зерттеу және нормативтік этикада, моральдік таңдаудың жеке жағдайларында (қолданбалы этика) тұжырымдалған моральдік идеялар мен қағидаларды қолдану;
- моральдің маңызы, оның пайда болуы (метаэтика) туралы гносеологиялық аспектінің теоретикалық мәселелері. Метаэтика – моральдің «таза философиясы». Жақсылық пен жамандық абстрактті, теоретикалық деңгейде, тәжірибемен тиістірілмей зерттеледі.

Еуропа этикасының тарихындағы этика пәні туралы ойлар бірқатар баламалардың жанында шұғырланды.

Сөз ең алдымен арақатынастар туралы болды:

- теоретикалық және тәжірибелік философия: жауаптар этиканы арнайы, философиялық пәнінің гносеология мен онтологиясынан (Р. Декарт, Д. Юм) шыққан немесе жай ғана жеке пән (Э. Дюркгейм, аналитикалық философия) деп қарастырудан этикада барлық рухани өмірдің құпиясымен негізін көретін философиялық панэтизмға (Эпикур, А. Швейцер) дейін;
- бақыт пен рақымшылық: рақымшылықты бақытқа жету құралы мен жолы деп қарастыру эпикурейлық-эвдемонистикалық ғұрыпқа жеткізеді; бақытты рақымшылықтың нәтижесі ретінде қарастыру стоикалық ғұрыпқа жеткізеді;
- ақыл мен сезім моральдік уәждемеде: әр-түрлі шешімдер соңғы шекте этикалық интеллектуализмге (Сократ, И. Кант) және этикалық сентиментализмге (Э. Э. К. Шефтсбери, Ф. Хатчесон) шұғырланады;
- моральдің өзіндік құндылығы және оның эмпирикалық келісілгендігі: бұл негізде этикалық абсолютизмнің (стоиктер, И. Кант, А. Швейцер) және релятивизмнің (скептицизм, марксизм, Ф. Ницше, прагматизм, ситуативтік этика) антитезасы пайда болды;

|                                                                                                              |                                                                                                            |                                                                                                         |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN<br><b>MEDISINA<br/>         AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ | <br><b>SKMA</b><br>-1979- | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL<br/>         ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-2» кафедрасы                                                                                   | 80-11-2024 ( )                                                                                             |                                                                                                         |
| Әдістемелік нұсқаулық                                                                                        | 48 беттің 5 беті                                                                                           |                                                                                                         |

- жеке және әлеуметтік этиканы: айыру критеріі - моральды тұлғаның өзін-өзі жетілдіру әдісі (Б. Спиноза, Л.Н. Толстой) немесе қоғамдық өмірдің реттеу формасы (франция ағартушылары, К. Маркс) ретінде қарастыру;

- тұлғаның этикалық-әлеуметтік және моральдан жоғары мұраттары: келіспеушілік келесі сұраққа байланысты, жақсылықтың жамандықтан, рақымшылықтың жалғандықтан жоғарлауы адамның мұратқа жету шегі болып табыла ма (Пелагий, В.С. Соловьев) немесе ол жақсылық пен жамандықтың моральдан жоғары шынайылыққа жетуді қалау қол жетімді ме (Августин, Ф. Ницше).

Этикалық-философиялық жүйелерді жіктеудің негізгі және өзгеше нышандарының бірі – олар ұсынған нормативтік бағдарламалардың сапалы анықталғандығы.

Бұл критерий бойынша бөлінеді: рақаттылық этикасы (гедонизм); бақыт этикасы (эвдемонизм); қарапайымдылық этикасы (кинизм); пайымдау этикасы; міндет этикасы; махаббат этикасы; аяушылық этикасы; пайда этикасы (утилитаризм); ерлік этикасы; сентиментализм этикасы; қисынды эгоизм этикасы; зорлық жасамау этикасы; өмірді қастерлеу этикасы және т.б.

Сонымен қатар этика ілімі мораль ұғымымен тығыз байланысты. Мораль адамзат қоғамының немесе жеке адам дамуының белгілі бір кезеңінде, филогенезде және онтогенезде пайда болады. Мораль адамдық қарым-қатынастарды реттеу сатыларымен байланысты:

а) Табыну сатысы адамның «Біз» феноменімен көрініс табатын әлеммен біртұтастығын, оның әлем мен басқа адамдардан ажырамайтығын, адамның дүниетанымының басқалармен біртұтастығын білдіреді.

ә) Мәдениет сатысы адам қызметінің және адамдық ерекшеліктердің алун түрлілігі жағдайындағы мәдени нысандарды іріктеуді білдіреді. Бұл сатыда біз адамгершілік деп атайтын адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастардың табиғи нормалары қалыптасады, негізгі адамгершілік құндылықтар: еркіндік, жақсылық, жамандық, әділдік пайда болады. Мәдениет сатысы өркениеттің пайда болуымен аяқталады.

б) Әлеумет сатысында жақсылық, жамандық, еркіндік құндылықтары борыштың әлеуметтік түсінігіне ауысып, нақты бір қоғамда әлеуметтендіріледі де, әлеуметтік және құқықтық нормаларға айналады

Егер алдыңғы сатыда біз гуманистік этика (фр. humanite – адамды сүю) туралы сөз қозсақ, бұл сатыда этика жөнінде пікірлер айтылды.

Әлеуметтік этиканың ерекшелігі – ол жекелеген, нақты бір адамның емесе, социумның мүдделеріне бағытталған. Адам бұл этикада қоғам әсер ететін объект ретінде немесе басқа социум (қоғамның немесе белгілі бір әлеуметтік институттың бөлігі) ретінде көрініс табады.

Әлеуметтік этика, ең алдымен, адамның жүріс-тұрысының сыртқы келбетіне, оның этикеттік имиджіне назар аударады. Ол адамдағы сыртқы мен ішкі элементтерді тікелей түрде бөліп қарастырады, сөйтіп, оны еркіндіктен айырады. Осыған байланысты, адамға сыртқы әсер мен жеке мінез-құлық арасындағы ішкі шиеленіс жетіп, ол сыртқы қарама-қайшылықтардан көрініс табады.

**5.5. Оқыту және оқыту әдістері** (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жұппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

**5.6. Әдебиет.** Соңғы бетте

**5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)**

**Тесттер:**

1.«Психология» грек тілінен аударғанда ... туралы ғылым.

- <variant>түйсік
- <variant>жан
- <variant>мінез құлық
- <variant>психика
- <variant>тәрбие

|                                                                                                           |                                                                                                              |                                                                                                      |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ | <br><b>SKMA</b><br>- 1979 - | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-2» кафедрасы                                                                                | 80-11-2024 ( )                                                                                               |                                                                                                      |
| Әдістемелік нұсқаулық                                                                                     | 48 беттің 6 беті                                                                                             |                                                                                                      |

2.«Жан туралы» трактаттың авторы:

- a) <variant>Платон
- b) <variant>Аристотель
- c) <variant>Демокрит
- d) <variant>Лукреций
- e) <variant>Эпикур

3.Аристотель ... еңбегімен, білімнің өзіндік аумағы ретінде психологияның негізін салды.

- a) <variant>«Жан туралы»
- b) <variant>«Мемлекет туралы»
- c) <variant>«Психика туралы»
- d) <variant>«Сана туралы»
- e) <variant>«Тәрбие туралы»

4.Психология ерекше ғылым ретінде ... бірге дамыды.

- a) <variant>философиямен
- b) <variant>педагогикамен
- c) <variant>тарихпен
- d) <variant>биологиямен
- e) <variant>физиологиямен

5.Жекеліктің пайда болуы мен дамуын, өзге адамдармен, топпен қарым қатынасын анықтайтын психологияның саласы ...деп аталады.

- a) <variant>педагогикалық
- b) <variant>әлеуметтік
- c) <variant>жас ерекшелік
- d) <variant>балалар
- e) <variant>арнайы

6.Оқыту, тәрбие беру үдерісінде жеке тұлғаның даму заңдылықтарын зерттейтін психологияның саласы ... психология деп аталады.

- a) <variant>педагогикалық
- b) <variant>әлеуметтік
- c) <variant>жас ерекшелік
- d) <variant>балалар психологиясы
- e) <variant>арнайы

7.Психология ғылымын танудың ертедегі әдісі ... болып табылады.

- a) <variant>бақылау
- b) <variant>әңгіме
- c) <variant>тәжірибе
- d) <variant>тестілеу
- e) <variant>анкеталау

8.Қазақ ғалымдарының ішінде ... тұңғыш психология оқулығын жазды.

- a) <variant>Ж.Аймауытов
- b) <variant>М.Мұқанов
- c) <variant>А.Құнанбаев
- d) <variant>Ы.Алтынсарин
- e) <variant>Қ.Жарықбаев

9.Психологиялық танымды зерттеудің көне әдісі ... деп аталады.

- a) <variant>байқау
- b) <variant>социометрия
- c) <variant>тестілеу
- d) <variant>анкеталау

|                                                                                                           |                                                                                                         |                                                                                                      |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ | <br><b>SKMA</b><br>1979 | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-2» кафедрасы                                                                                | 80-11-2024 ( )                                                                                          |                                                                                                      |
| Әдістемелік нұсқаулық                                                                                     | 48 беттің 7 беті                                                                                        |                                                                                                      |

е) <variant>тәжірибе

10. Психология өзіндік ғылым ретінде ... қалыптасты.

a) <variant>12 ғасырда

b) <variant>13 ғасырда

c) <variant>11 ғасырда

d) <variant>20 ғасырда

e) <variant>19 ғасырда

### Ситуациялық есеп:

1. Адамның ортасы жанжалды, ашуланшақ. Жұмыс орнында әріптестер бір-бірімен жиі қақтығысады. Адамның қандай эмоционалды-психологиялық күйі болуы мүмкін екенін анықтаңыз.

2. Науқас оптимист, басқалардың назарын аударуға тырысады, өзінің қайғы-қасіреті мен тәжірибесін көрсеткенді ұнатады. Жеке сипаттаманың түрін анықтаңыз. Осы науқаспен қарым-қатынас кезінде ұсыныстар беріңіз.

## 2-сабақ

**5.1. Тақырыбы:** Медициналық этиканың негізгі қағидалары және тәртібі. Ілім және этикалық тұжырымдама.

### 5.2. Сабақтың мақсаты:

Студенттердің өнегелік мәдениет саласында мәдени жетістіктерді біліп, негізгі заңдылықтары мен формаларын игеруге бағыттау, мораль мен өнегелік туралы білімді меңгеру және қалыптастыру, күнделікті өмірде және кәсіби салада адамгершілік құндылықтары туралы түсініктерді, өнегелік нормаларды зерттеп, қазіргі заманғы этикет ережелерін білу.

### 5.3. Оқыту міндеттері:

- Этика дамуының жалпы заңдылықтарына анализ беру;
- Өнегелік мәдениеттегі әмбебап тарихи этнорегионалды ұлттық феномендерін зерттеу, жалпы адамзаттық өнегелік құндылықтарды игеру;
- Қызметтік міндеттерін орындау мақсатында машықтарды игеру үшін қолданбалы қоғамдық денсаулық сақтау жүйесінде қазіргі заманғы өнегелік мәселелерге мінездеме беру;
- Негізгі психикалық процестердің механизмдері, психикалық күйлер және жеке қасиеттер туралы білімді қалыптастыру;
- Тиімді қарым-қатынас және тұлғаның психогигиеналық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

### 5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

Қазіргі кезде медициналық этиканың принциптері биомедициналық этика түсінігінде тұрақталған. Ол медицина қызметкерлерінің жеке тұлғасының әлеуметтік функциясын қорғайды.

Қазіргі таңда «биомедициналық этика» үш түрде немесе модельде беріледі:

1. *Гиппократ модельі*. Бұл модельдің негізгі принципі – «зиян келтірме». Дәрігер пациенттің әлеуметтік сенімін жеңеді. Медицина атас Гиппократпен тұрақтанған дәрігерлік принципі (460-377жж.), қазіргі таңда белгілі «Антта» көрсетілген.

2. *Парацельс модельі* (1493-1541 жж.) – «Қайырымдылық жасау», орта ғасырларда пайда болған. Оның негізгі мағынасы емдеудің барлық процессін құрайтын дәрігердің пациентпен контактісі болып табылады.

3. *Деонтологиялық модель* немесе дәрігерлік этика, 1840 ж құрылған. (авторы Петров). Негізгі принципі «міндетті орындау».

|                                                                                                           |                                                                                                              |                                                                                                      |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ | <br><b>SKMA</b><br>- 1979 - | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-2» кафедрасы                                                                                | 80-11-2024 ( )                                                                                               |                                                                                                      |
| Әдістемелік нұсқаулық                                                                                     | 48 беттің 8 беті                                                                                             |                                                                                                      |

4. *Биоэтика* – дәстүрлі медицинаның заманауи түрі, негізгі принципі «адамның құқығын және мәртебесін сыйлау».

Медициналық этика ( лат. *ethica*, грек тілінен алғанда *ethice* - адамгершілікті зерделеу), немесе медициналық деонтология ( грек *deon-* парыз; термин «деонтология» соңғы жылдардағы отандық әдебиетте кеңінен қолданылуда), - медицина қызметкерлерінің өз кәсіби міндеттерін орындау барысындағы қағидалар мен этикалық нормалар жиынтығы.

**Медициналық этиканың құрамдас бөлігі** деонтология болып табылады. Бұл жаңа ғылым саласы XIX ғасырдың басында пайда болды (грекше *deon* - тиісті; *logos* - ғылым, ілім). Деонтология термині қолданысқа енгеніне аса көп болған жоқ: өткен ғасырдың басында ағылшын философы И. Бентам оны адамның кәсіби мінез-құлқы туралы ғылымның атауы ретінде ауызға алған.

- Стационарда және бөлімде жұмыс тәртіпті болу керек. Субординацияны, яғни кіші медицина қызметкерінің жоғарғы медицина қызметкеріне деген қатынасын сақтау керек.

Медицина қызметкері науқасқа деген қатынасы тұрақты болу қажет

Дәрігер жоғарғы білікті маман болуы қажет.

Науқастың қатысуымен басқа медицина қызметкерлердің қателіктерін айтпауы тиіс.

Дәрігер диагнозды, емдік шаралардың көрсеткіші мен қарсы көрсеткіштерін ескере отырып, қажетті операция жасалуын басқа дәрігермен кеңесе отырып іске асыруы қажет.

- Орта және кіші медицина қызметкерлерімен қарым қатынас жақсы болуы қажет.

Дәрігер тактикасын науқастың мінезіне, оның мәдениет деңгейіне, ауру сатысына, психика ерекшелігіне қарай жүргізілуі тиіс.

Дәрігер науқастың туыстарымен баязы болуы керек, дәрігерлік құпияны сақтауы тиіс. Егер де аурудың асқынған түрлері болғанда жақын туыстарымен ашық әңгімелесуіне болады.

Қазіргі заманғы түсінік бойынша , медициналық этикаға келесі аспектілер кіреді ғылыми – медицина қызметкерлерінің жұмысының этикалық және адамгершілік аспектілерін зерттейтін медициналық ғылым тарауы

практикалық - кәсіби медициналық қызмет барысында этикалық нормалар мен ережелерді қалыптастыру және қолдану міндеті болып табылатын медициналық практикасының саласы.

Медициналық этика үш негізгі бағыт бойынша тұлғаралық қарым-қатынастардың әртүрлі мәселелерін зерделейді және шешеді:

медициналық қызметкер – емделуші, медициналық қызметкер – емделушінің туысқандары, медициналық қызметкер – медициналық қызметкер.

Төрт этикалық қағидаттар: қайырымдылық, автономия, әділеттілік және және толыққанды медициналық көмек. Қағидаттардың күнделікті қолданылуын талқыламас бұрын әрбіріне жеке сипаттама бергеніміз жөн болар.

Қайырымдылық қағидаты: “Мен емделушіге мейіріммен қараймын немесе ең болмағанда зиян келтірмеймін» Қайырымдылық дегеніміз емделушіге зерек және ілтипатты көзқараспен қарау, науқас денсаулық жағайының күрделілігімен барабар емдеудің оңтайлы әдістерін таңдау, емделушінің медициналық араласуға дайындығы және қабілеттілігі. Ең бастысы, медициналық қызметкердің кез келген әрекеті нақты емделушінің жағдайын жақсартуға бағытталуы шарт!

Автономия қағидаты әрбір емделушіге және оның шешімдеріне сыйластықпен қарауды талап етеді. Кез келген адам мақсат ретінде қарастырылғанмен, сол мақсатқа жеткізетін құрал ретінде қарастырылмайды. Медициналық көмектің құпиялылықты, емделушінің мәдениетін, дінін, саяси және өзген де көзқарастарын сыйлау, медициналық шара қолдануларға ақпаратты келісім беру, күтуді бірлесе жоспарлау және жүзеге асыру, сонымен қатар, емделушінің өз бетімен шешім қабылдауы, немесе осы емделушінің заңды өкілінің шешім қабылдауы сынды аспектілері автономия қағидатымен байланысты. Әділдік қағидаты/ зиян келтірмеу- медицина қызметкерлерінің мәртебесіне, әлеуметтік жағдайына, мамандығына және сыртқы ахуалдарға қарамастан барлық емделушілерге бірдей қарау және бәріне бірдей көмек көрсету. Осы қағидат,

|                                                                                                           |                                                                                                          |                                                                                                      |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ | <br><b>SKMA</b><br>1979 | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-2» кафедрасы                                                                                | 80-11-2024 ( )                                                                                           |                                                                                                      |
| Әдістемелік нұсқаулық                                                                                     | 48 беттің 9 беті                                                                                         |                                                                                                      |

сондай ақ, медициналық қызметкер қандай бір көмек көрсетсе де, оның әрекеттері емделушіге және өзге де тұлғаларға нұқсан келтірмеуі тиіс.

Емделуші мен оның туыстары немесе өзге де медицина қызметкерлері арасындағы кикілжің туындаған жағдайларда, осы қағидатты басшылыққа ала отырып, біздер емделушінің мүддесін қорғауымыз қажет.

Толыққанды медициналық көмек көрсету қағидаты кәсіби медициналық көмекті және емделушіге кәсіби көзқарасты, сапалы диагностикалау және емдеу жүргізу үшін денсаулық сақтаудың барлық мүмкіндігін қолдануды, профилактикалық шараларды және паллиативті көмек көрсетуді көздейді. Осы қағидат денсаулық сақтау саласына қатысты барлық заңнамалық нормалардың сақталуын, сонымен қатар этикалық кодекстің барлық ережелерінің сақталуын талап етеді. Медицина қызметкерінің рухани жауапкершілігі оның медициналық этиканың барлық қағидаттарын сақтауын түспалдайды.

**5.5. Оқыту және оқыту әдістері** (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жұппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

**5.6. Әдебиет.** Соңғы бетте

**5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)**

**Тесттер:**

1. Түйсік, қабылдау, елестету, ойлау, ес психикалық ... тиесілі.

- a) <variant>қасиетке
- b) <variant>үдеріске
- c) <variant>жағдайға
- d) <variant>білім беруге
- e) <variant>элементке

2. Түрлі дыбыстар-жөтелу, ыңырсу, есінеу, терең демалу, сөйлесу ... жатады.

- a) <variant>паралингвистикалық компоненттерге
- b) <variant>оптико-кинетикалық жүйеге
- c) <variant>визуалды қатынасқа
- d) <variant>вокалдық құралға
- e) <variant>вербальды қатынасқа

3. Реалистік таласқа ... жатады.

- a) <variant>шындықты іздестіре келе, өз мәліметінің жеткіліксіздігін толықтыру
- b) <variant>шындықты іздестіруге бейімделмеу
- c) <variant>"қайтсем де жеңіске жетем" деген ойдың болмауы
- d) <variant>шындыққа жетем деген ойдың болмауы
- e) <variant>шындықты іздестіруге мәліметінің жеткіліксіздігі

4. Науқастың мейірбикенің тәртібіне әсері ... деп аталады.

- a) <variant>"коммуникативті байланыс"
- b) <variant>"керісінше байланыс"
- c) <variant>"қарқынды байланыс"
- d) <variant>"мейірбикелік байланыс"
- e) <variant>"тиісті байланыс"

5. Психиканың бастапқы қызметі:

- a) <variant>дүние байланыстарын бейнелеу
- b) <variant>адам іс-әрекетін жоспарлау
- c) <variant>тұжырымдамалар беру
- d) <variant>анализдеу
- e) <variant>синтездеу

6. Психология ғылымының зерттеу объектісі ... болып табылады.

- a) <variant>сана

|                                                                                                           |                                                                                                              |                                                                                                      |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ | <br><b>SKMA</b><br>- 1979 - | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-2» кафедрасы                                                                                | 80-11-2024 ( )                                                                                               |                                                                                                      |
| Әдістемелік нұсқаулық                                                                                     | 48 беттің 10 беті                                                                                            |                                                                                                      |

- b) <variant>адам  
 c) <variant>еңбек  
 d) <variant>ойын  
 e) <variant>оқу
7. Әр адамның өзіндік толғанысы ең алдымен ... көрінеді.  
 a) <variant>түйсік сезімінде  
 b) <variant>моральдық қатынасында  
 c) <variant>іс-әрекетінде  
 d) <variant>ойлау қабілетінде  
 e) <variant>қимыл-қозғалыста
8. Алғашқы адамдардың жан туралы жалпы түсінігі:  
 a) <variant>тәннен бөлек жасайды  
 b) <variant>тәннің ажырамас құбылысы  
 c) <variant>тәнмен бірге сөнеді  
 d) <variant>тәннен уақытша бөлінеді  
 e) <variant>тән жасауы үшін жанның қажеті жоқ
9. Психологияның пәндік аймағының кемелденуімен орайлас бірінші кезеңінің атауы:  
 a) <variant>жан туралы ғылым  
 b) <variant>іс-әрекет жөніндегі ғылым  
 c) <variant>сана туралы ғылым  
 d) <variant>инстропспектiк сана тағылымы  
 e) <variant>психологиялық параллелизм теориясы
10. Декарт тағылымының алған атауы ... деп аталады.  
 a) <variant>дуализм  
 b) <variant>субъективизм  
 c) <variant>объективизм  
 d) <variant>материализм  
 e) <variant>психологиялық параллелизм

### Ситуациялық есеп:

1. Науқас С. мазасыз, сергек, өзіне сенімсіз, коммуникативті емес, сондықтан тұрақсыз өзін-өзі бағалауы бар, өте осал, жағдайды оңай драматизациялайды, үнемі алаңдаушылық пен күдікті сезінеді. Осы пациентпен қарым-қатынаста ұсыныстар беріңіз.

2. Сіз бөлімшедегі мейіргерге конференцияға баяндама дайындауға көмектесуіңіз керек. Оның қасиеттері: жүйелілік, логика, фактілерге берілгендік, сақтық, эмоционалсыздық. Осы мейіргермен қарым-қатынас жасаудың ең ұтымды тәсілдерін таңдаңыз. Оған қолайлы баяндама тақырыбын таңдаңыз.

### 3-сабақ

**5.1. Тақырыбы:** «Деонтология» ұғымы және оның түрлері. Қазіргі заманғы медициналық деонтология мәселелері.

#### 5.2. Сабақтың мақсаты:

Студенттердің өнегелік мәдениет саласында мәдени жетістіктерді біліп, негізгі заңдылықтары мен формаларын игеруге бағыттау, мораль мен өнегелік туралы білімді меңгеру және қалыптастыру, күнделікті өмірде және кәсіби салада адамгершілік құндылықтары туралы түсініктерді, өнегелік нормаларды зерттеп, қазіргі заманғы этикет ережелерін білу.

#### 5.3. Оқыту міндеттері:

- Этика дамуының жалпы заңдылықтарына анализ беру;

|                                                                                                           |                                                                                                                                                                                           |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ | <br>SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-2» кафедрасы                                                                                | 80-11-2024 ( )                                                                                                                                                                            |
| Әдістемелік нұсқаулық                                                                                     | 48 беттің 11 беті                                                                                                                                                                         |

- Өнегелік мәдениеттегі әмбебап тарихи этнорегионалды ұлттық феномендерін зерттеу, жалпы адамзаттық өнегелік құндылықтарды игеру;
- Қызметтік міндеттерін орындау мақсатында машықтарды игеру үшін қолданбалы қоғамдық денсаулық сақтау жүйесінде қазіргі заманғы өнегелік мәселелерге мінездеме беру;
- Негізгі психикалық процестердің механизмдері, психикалық күйлер және жеке қасиеттер туралы білімді қалыптастыру;
- Тиімді қарым-қатынас және тұлғаның психогигиеналық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

#### 5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

**Деонтология, немесе деонтологиялық этика** (бастап басқа-грек. δέον "тиісті"), — проблемалар туралы ілім адамгершілік және адамгершілік, бөлім этика. Орындалған іс-әрекетті бағалау кезінде деонтология оның белгілі бір ережелерге сәйкестігін немесе сәйкес келмеуін басшылыққа алады. Кейде оны қарыз (немесе міндеттеме) этикасы немесе жүріс-тұрыс ережелеріне негізделген этикалық жүйе деп атайды, өйткені олар қарыз ұғымының негізінде жатыр.

**Медициналық деонтология** /гректің деон-борыш, міндет, логос-ілім/ медицина қызметкерлерінің борышы, парызы, міндеті. Этика мен деонтология ілімдерін зерттеп, егжей-тегжейіне дейін оқымайынша мейірбике, аяжан мамандарын дайындау мүмкін емес. Этика-мінез-құлық ережесінің жиынтығы. Ол дәрігер мен ауру, аурудың туған-туыстарымен медицина қызметкерлерінің арасындағы қарым-қатынасты, тұрмыстағы мінез-құлық ережесін қамтитын ең жоғарғы адамгершілік қасиет. Дәрігерлік деонтология-медицина қызметкерлерінің міндеті, борышы, мінез-құлық ережесінің тәртібі, ол емнің ауру адамға көп көмек келтіруіне бағытталған ілім, сондықтан да ол этиканың бір бөлігі. Акушерлік-гинекологиялық мекемелердегі мейірбике, аяжан жұмыстарында деонтологияның алатын орны ерекше. Олардың барлық аурулармен қарым-қатынасы бірдей, әрі кішіпейіл, ақ жарқын, ұстамды болулары керек. Орта және кіші буын медицина қызметкерлеріне аурудың атын, емдеу жолдарын, операцияның қорытындысын ауру адамға айтып түсіндіруге болмайды. Бұл жөніндегі мәліметтерді тек қана дәрігер бере алады. Мейірбикенің сыртқы пішініне /кейпі/ оның қайырымдылығы, киімдері мен қолдарының тазалығы жатады. Ауру адамдар мейірбикенің тікелей бақылауында болады. Сондықтан аурудың жағдайы жөнінде мезгілінде дәрігерге хабарлап отыруы қажет. Емдеу шараларын тек қана дәрігер белгілейді, сондықтан мейірбике, аяжан өз бетінше ауруларға дәрігерлерді беруіне қатал тыйым салынады. Дәрігердің ауруларды аралап шығуынан бұрын, мейірбике ауруды қадағалаудың қорытындысын, аурудың жағдайын, көңіл-күйін дәрігерге хабарлап жеткізуі керек. Ауруларды аралап шығу кезінде мейірбике дәрігердің назарын алаңдатып, басқа жұмыстарды орындамауы тиіс. Акушерлік-гинекологиялық мекемелерде жұмыс істейтін мейірбике кейбір сұрақтар төңірегінде, әсіресе, өмірдің сырластық қарым-қатынасы, жыныстық мәселелерін анықау кезінде әдеп сақтаулары керек. Акушерлік-гинекологиялық емдеу мекемелерінде жұмыс істейтін мейірбике аурулардың хал-жағдайларының, көңіл-күйлерінің ерекшеліктерін ескерулері керек. Кейбір сәттерде, аурулардың көңіл-күйлері күрт өзгеріп, төмендеп кетуі мүмкін. Бұл емдеу бөлмелерін тазалап жуу, тамақ бөлістіру кезінде, жай сөйлеп, тыныштық сақтауды талап етеді. Акушерлік-гинекологиялық аурулармен ауыратын әйелдерді жағымсыз, көңілге қонымсыз хабарларды ескертуден сақтау керек. Орынсыз хабарланған жағымсыз жәйттер кейбір жүрек ақаулары, қан қысымының көтерілуі және жүктілік кезіндегі аурулары бар әйелдердің жағдайларын төмендетіп, ауруларын қоздыруы мүмкін. Бүкіл медицина қызметкерлері ана мен бала өміріне жауапты екендігін есте сақтаулары керек. Акушерлік-гинекологиялық мекемелерде қызмет ететін мейірбике, аяжандар өздерінің кәсіби шеберліктерін, терең білімдерін, қарапайым, кішіпейіл қасиеттерін, сыртқы пішінін, сүйкімді қылықтарын көрсете алатын, адамгершілігі мол,

|                                                                                                           |                                                                                                   |                                                                                                      |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ | <br>SKMA<br>1979 | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-2» кафедрасы                                                                                | 80-11-2024 ( )                                                                                    |                                                                                                      |
| Әдістемелік нұсқаулық                                                                                     | 48 беттің 12 беті                                                                                 |                                                                                                      |

дәрігердің көмекшілері болып табылады. Медицина қызметкерлері арасындағы субординация қатң сақталуы тиіс. Науқас күтуді дұрыс ұйымдастыру, дәрігердің тағайындаған емін бұлжытпай орындау, оларға қамқорлықпен қарау-науқас емінің жетістігін көрсетеді.

Медициналық деонтология медицина қызметкерлері қызметінің моральді-этикалық негіздерін, олардың рухани және жеке қасиеттеріне қойылатын талаптарын, қоғам мен халық алдындағы жауапкершіліктерін, науқастармен, олардың туыстарымен, әріптестерімен өзара қарым-қатыстарын қамтиды. Бұған дәрігердің кәсіби тұрғыдан өсу, науқастардың тілек талаптарын мейлінше қанағаттандыру мақсатымен емдеу, аурудың алдын-алу мекемелерінің қызметін ұйымдастыру мәселелері жатады. «Дәрігершеберлігі» ұғымын техникалық тәсілдер қауызына қамап қоюға болмайды. Бұл - дәрігердің бойына біткен «клиникалық ойлау жүйесі» деп аталатын, интеллектуальді жұмыс түрінде көрінетін творчестволық үрдіс.

**5.5. Оқыту және оқыту әдістері** (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жұппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

**5.6. Әдебиет.** Соңғы бетте

**5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)**

**Тесттер:**

1.Зерттеу объектісі адам болып табылатын барша ғылымдардың жетістіктерін біріктіріп, байланыстыратын саласы ... деп аталады.

- a) <variant>кибернетика
- b) <variant>социология
- c) <variant>психология
- d) <variant>философия
- e) <variant>биология

2.Оқу процесінде білімінің, ептіліктің, дағдылардың қалыптасу заңдылық- тарын негіздейтін ғылым саласы ... деп аталады.

- a) <variant>салыстырмалы психология
- b) <variant>еңбек психолоиясы
- c) <variant>педагогикалық психология
- d) <variant>жас ерекшелік психологиясы
- e) <variant>арнайы психология

3.Дәрігер қызметі мен аурудың мінез-құлқының психологиялық мәселелерін зерттейтін сала ... деп аталады.

- a) <variant>медициналық психология
- b) <variant>еңбек психологиясы
- c) <variant>заң психологиясы
- d) <variant>салыстырмалы психология
- e) <variant>әлеуметтік психология

4.Психикалық процестердің бастапқы атқаратын міндеті:

- a) <variant>ойлау және қортындылау
- b) <variant>анализдеу
- c) <variant>сигналды жеткізу және реттеу
- d) <variant>синтездеу
- e) <variant>жалпылау және нақтылау

5.Бас ми рефлекс доғасының ортаңғы бірлігі:

- a) <variant>сыртқы тітіркендіргіштер
- b) <variant>қозу мен тежелу процестері
- c) <variant>сыртқы қозғалыстар
- d) <variant>сезімдер
- e) <variant>ой

|                                                                                                           |                                                                                                         |                                                                                                      |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ | <br><b>SKMA</b><br>1979 | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-2» кафедрасы                                                                                | 80-11-2024 ( )                                                                                          |                                                                                                      |
| Әдістемелік нұсқаулық                                                                                     | 48 беттің 13 беті                                                                                       |                                                                                                      |

6. Екі сигналдық жүйе теориясының авторы:

- a) <variant>И.П. Павлов
- b) <variant>Р. Декарт
- c) <variant>А. Маслоу
- d) <variant>И.М. Сеченов
- e) <variant>А.Н. Леонтьев

7. И.П. Павловтың психология ғылымына қосқан жаңалығы:

- a) <variant>шартты рефлекстер жөніндегі теория
- b) <variant>бейнелеу теориясы
- c) <variant>санамен рефлекс түсінігі
- d) <variant>саналық әрекеттер теориясы
- e) <variant>саналық элементтер теориясы

8. Жануарлар әрекетінің негізі:

- a) <variant>екі сигнал бірдей
- b) <variant>бірінші сигналдық жүйе
- c) <variant>екінші сигналдық жүйе
- d) <variant>логикалық жүйе
- e) <variant>қозғалыс жүйесі

9. Мида уақытша түзілетін қалаған байланыстың соңғы нәтижесі:

- a) <variant>елес
- b) <variant>ой
- c) <variant>қиял
- d) <variant>ес
- e) <variant>сырттай көрінген әрекет

10. Екі сигналдық жүйенің көрініс құралы:

- a) <variant>сөз
- b) <variant>бейне
- c) <variant>қозғалыс
- d) <variant>тербеліс
- e) <variant>сезім

### Ситуациялық есеп:

- c) <variant>ауруға мән бермеу
- d) <variant>аурудан пайда табу
- e) <variant>аурудың ауырлығы

9.>... диссимуляция деп аталады.

- a) <variant>Дерті мен ауру белгілерін саналы түрде жасыру
- b) <variant>Науқастың жасандылығы
- c) <variant>Ауру симптомдарын саналы түрде асыра айту
- d) <variant>Науқастың өз жөні түрде айтуға көңілі болмауы
- e) <variant>Науқастың өз дертінің ауырлығын аса бағалауы

10.Симуляция бұл:

|                                                                                                           |                                                                                                            |                                                                                                      |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ | <br><b>SKMA</b><br>-1979- | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-2» кафедрасы                                                                                | 80-11-2024 ( )                                                                                             |                                                                                                      |
| Әдістемелік нұсқаулық                                                                                     | 48 беттің 36 беті                                                                                          |                                                                                                      |

- a) <variant>ауру тұлғасының дерт туралы өз көрінісі
- b) <variant>науқас ауырсыну жағдайына өз құндылықтарының ішінен жоғары орын береді
- c) <variant>саналы түрде дерттің белгілерін ұсынып, шағымдануы
- d) <variant>науқастың ауруға психологиялық реакциясы
- e) <variant>науқас ауруын және оның белгілерін сезініп ұқпайды

#### **Ситуациялық есеп:**

Мейіргер эмпатияны білмейді. Эмоционалды түрде кедей. Өзін командаға қарсы қоюды ұнатады. Ол үшін маңызды мақсаттарға жетуде өте талапшыл. Беделді, көбінесе жалған.

1. Темперамент түрін анықтаңыз.
2. Қарым-қатынастың ұтымды әдісін таңдаңыз.

### **10-сабақ**

**5.1. Тақырыбы:** Коммуникативтік біліктілікті дамытуға бағытталған жаттығулар.

#### **5.2. Сабақтың мақсаты:**

Студенттердің өнегелік мәдениет саласында мәдени жетістіктерді біліп, негізгі заңдылықтары мен формаларын игеруге бағыттау, мораль мен өнегелік туралы білімді меңгеру және қалыптастыру, күнделікті өмірде және кәсіби салада адамгершілік құндылықтары туралы түсініктерді, өнегелік нормаларды зерттеп, қазіргі заманғы этикет ережелерін білу.

#### **5.3. Оқыту міндеттері:**

- Этика дамуының жалпы заңдылықтарына анализ беру;
- Өнегелік мәдениеттегі әмбебап тарихи этнорегионалды ұлттық феномендерін зерттеу, жалпы адамзаттық өнегелік құндылықтарды игеру;
- Қызметтік міндеттерін орындау мақсатында машықтарды игеру үшін қолданбалы қоғамдық денсаулық сақтау жүйесінде қазіргі заманғы өнегелік мәселелерге мінездеме беру;
- Негізгі психикалық процестердің механизмдері, психикалық күйлер және жеке қасиеттер туралы білімді қалыптастыру;
- Тиімді қарым-қатынас және тұлғаның психогигиеналық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

#### **5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

Тиімді коммуникация орнату үшін, қарым - қатынастың әрбір кезеңінде келесі психологиялық ұстанымдардың болуы шарт:

- көзбен контакт орнату;
- түсінуге ниеттеніп тыңдау;
- раппорт орнату,
- анық сөйлеу;
- дене қозғалысы мен тілді дұрыс пайдалану.

Тиімді коммуникацияны іске асыруда пайда болатын кедергілер:

- қабылдау айырмашылықтары;
- семантикалық айырмашылықтары;
- вербалсыз кедергілер;
- шамалы кері байланыстар;
- тыңдай білмеу;

Бұл жерде коммуникация тікелей болғандықтан мұнда ең алдымен ауызекі тіл қолданысқа түседі, вербалды емес амалдар, яғни мимика, ым, ишаралар сөзбен теңдей дәрежеде молынан

|                                                                                                           |                                                                                                           |                                                                                                      |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ | <br><b>SKMA</b><br>-1979- | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-2» кафедрасы                                                                                | 80-11-2024 ( )                                                                                            |                                                                                                      |
| Әдістемелік нұсқаулық                                                                                     | 48 беттің 37 беті                                                                                         |                                                                                                      |

қолданылады. Мәселен, бас изу – белгілі бір нәрсемен келісуді білдірсе, таңғалу – иығын көтеріп, ауызын ашуды білдіреді т.б. Күнделікті өмірде мұндай бейвербалды амалдарды көптеп кездестіреміз. Бұл контактілі қарым - қатынастың негізгі ерекшелігі. Соны- мен қатар тікелей қарым-қатынаста уақыт пен кеңістік факторы және «көз контактісі» бірлікте көрініс береді.

Көз контактісі – коммуниканттың бір-біріне деген көзқарасы, олардың ішкі жайкүйінің жағдайы. Мысалы, көзін ары-бері жүгіртіп сөйлеу – коммуниканттың өзіне деген сенімсіздігін көрсетеді. Коммуникация барысында адам серіктесінің көз қимылына қарай өзінің көз қимылының тактикасын мен стратегиясын саналы түрде өзгерте алады. Өйткені сөйлесуші адресатының көзіне немесе бетіне тіке қарап тұрғандықтан, қарсы тараптың әңгімесінің шынайылығын аңғарады. Яғни коммуниканттың оны тыңдап тұрғанын, түсініп тұрғанын немесе серіктесінің эмоционалды жағдайының қалай өзгергенін қадағалай отырып, өз әрекетін өзгерте алады. Бірқатар ғалымдардың зерттеулері ауызша қарым-қатынас кезінде коммуниканттар егер бір-бірінің көз қимылдарын жіті қадағаласа, айтылған нәрселердің дәл қабылданатынын дәлелдеген. Көз қимылының көмегімен сөйлеуші адресатының сөйлеу әрекетін басқара алады.

Нәтижелі тұлғааралық коммуникацияның психологиялық шарттарының бірі – ортақтасу серіктестерінің тыңдау техникасын меңгеруі. Мұқият тыңдау индивидтен белсенділік пен саналы күш жұмсауды, жігерді қажет етеді. Медициналық қызметкер науқасты мүмкіндігінше белсенді тыңдауға тырысу қажет. Науқас үшін дәрігердің, оны мұқият тыңдап отырғанын білу маңызды.

Студенттердің коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың 3 құрылымы қалыптасқан: когнитивтік компоненті- бағыттың мазмұны студенттерге коммуникативтік әрекет жасауға мүмкіндік беретін нақты тәсілдерді игеру. Кәсіби міндеттерін шешу үшін, кәсіби коммуникацияны тиімді қолдану үшін коммуникацияның түрлері, құралдары, формалары, психологиялық әсер ету техникасын меңгеруді сипаттайды, - эмоционалды-бағалау компоненті - «дәрігер» және «науқас» түсініктеріне эмоционалды көзқарасы, өзінің эмоциясын басқара алу,

эмоционалды тұрақтылығы, науқаспен психологиялық контакт орнату, эмоционалды түрде ортақтаса алу. Эмоционалды іс-әрекеттер, науқастың оған деген сенімін жоғалтып қана қоймай, оларды шаршатып, күдік туғызып, тіпті қорқытады; -мотивациялық компоненті – кәсіби дамуға немесе жетілдіруге деген құлшынысы, кәсіби іс-әрекетті атқаруға деген ішкі түрткісінен құралады.

Қорытындылай келе, дәрігерлердің коммуникативті дағдыларды қолдануы олардың кәсіби қызметіне оң ықпалын тигізеді. Бұл науқас жағдайын толық және нақты дәрігерлік бағалауда білінеді. Сапалы медициналық көмек көрсету аясында науқастың қанағаттанушылығы өседі. Олар толық мәнінде бар проблемаларды ұғынады, тексерілудің керектігін, емдік және диагностикалық шаралардың мән-мағынасын түсінеді. Дамыған коммуникативті дағдылары бар дәрігерлердің жетекшілігіндегі пациенттер көп жағдайда терапияға берілген болып келеді және өзінің мінез-құлпын өзгерту жөніндегі кеңестерге сүйенеді, сонымен қатар, өздерінің ауруын алып жүруге саналы және белсенді түрде қатысады. Оларда ауруы себепші болатын үрейге және депрессияға әуестіктері азаяды. Сонымен қатар, коммуникативті дағдыларды қолдану дәрігерлердің де өмірін жақсартады, кәсіби стрессті сезінушілігін төмендетеді, кәсіби

«күйіп кетуді» азайтады және кәсіби өзін-өзі сыйлаушылықты жоғарлатады. Сол себепті медициналық жоғарғы оқу жағдайында студенттердің коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру және дамыту ең маңызды мәселе.

**5.5. Оқыту және оқыту әдістері** (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жұппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

**5.6. Әдебиет.** Соңғы бетте

**5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)**

**Тесттер:**

1. Науқастың дертіне деген субъективті көзқарасының психологиялық факторларына ... жатады.

|                                                                                                           |                                                                                                             |                                                                                                      |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ | <br><b>SKMA</b><br>- 1979 - | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-2» кафедрасы                                                                                | 80-11-2024 ( )                                                                                              |                                                                                                      |
| Әдістемелік нұсқаулық                                                                                     | 48 беттің 38 беті                                                                                           |                                                                                                      |

- a) <variant>темпераменті, мінезі
- b) <variant>мамандығы, темпераменті
- c) <variant>темпераменті, жасы
- d) <variant>мінезі, жасы
- e) <variant>мамандығы, жасы

2. Науқастың дертіне деген субъективті көзқарасының жекеше-конституционалдық факторларына ... жатады.

- a) <variant>темпераменті, мінезі
- b) <variant>темпераменті, жасы
- c) <variant>жынысы, жасы, мамандығы
- d) <variant>мінезі, мамандығы
- e) <variant>мамандығы, жеке бас қасиеттері

3. Психикалық үдерістердің функциялары:

- a) <variant>таным үрдістері
- b) <variant>темперамент және мінез
- c) <variant>психикалық жағдайлар
- d) <variant>психикалық қасиеттер
- e) <variant>шаршау және стресс

4. Адам мінезінің белгілі түрде қалыптасуына себепші фактор ... болып табылады.

- a) <variant>темперамент
- b) <variant>дүниеге қатынас
- c) <variant>нәсіл
- d) <variant>физиологиялық белгі
- e) <variant>ерік

5. Қоғамдық қызметке бағытталған әрекеттер жиынтығы ... деп аталады.

- a) <variant>еңбек
- b) <variant>манипуляция
- c) <variant>операция
- d) <variant>іс-әрекет
- e) <variant>қимыл

6. Адамдардың қарым-қатынас барысындағы бірін-бірі қабылдау үдерісі ... жатады.

- a) <variant>қарым-қатынастың перцептивті түріне
- b) <variant>қарым-қатынастың интерактивті түріне
- c) <variant>қарым-қатынастың әлеуметтік түріне
- d) <variant>қарым-қатынастың информациялы-коммуникативті түріне
- e) <variant>қарым-қатынастың коммуникативті түріне

7. Индивидтің іс-әрекет және қарым-қатынаста ие болған жүйелі әлеуметтік қасиеті ... деп аталады.

- a) <variant>жеке адам
- b) <variant>нышан
- c) <variant>темперамент
- d) <variant>мотивация
- e) <variant>даралық

8. Бұл типтегі адамдардың қуануы да, қайғыруы да қиын және қысқа мерзімді эмоциялық қозумен ерекшеленетін темперамент ... деп аталады.

- a) <variant>флегматик
- b) <variant>холерик
- c) <variant>меланхолик
- d) <variant>сангвиник

|                                                                                                           |                                                                                                            |                                                                                                      |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ | <br><b>SKMA</b><br>-1979- | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-2» кафедрасы                                                                                | 80-11-2024 ( )                                                                                             |                                                                                                      |
| Әдістемелік нұсқаулық                                                                                     | 48 беттің 39 беті                                                                                          |                                                                                                      |

e) <variant>астеник

9.Көңіл-күйге үйлесімсіз ақиқаттарды санадан шығарып тастау қорғанысы ... болып табылады.

- a) <variant>ығыстыру
- b) <variant>жоққа шығару
- c) <variant>көшіру
- d) <variant>оқшалау
- e) <variant>жаңалау

10.Сезімі сырттай әлсіз, тұрақты эмоциялық қозумен ерекшеленетін темперамент өкіліне ... жатады.

- a) <variant>меланхолик
- b) <variant>холерик
- c) <variant>сангвиник
- d) <variant>флегматик
- e) <variant>атлетик

#### Ситуациялық есеп:

Мейіргер сабырлы үнсіз, парасатты. Баяу, өте дәйекті, тәуелсіз. Кейде ол шындықтан алшақты, бейтарап.

1. Темперамент түрін анықтаңыз
3. Қарым-қатынастың ұтымды әдісін таңдаңыз.

### 11-сабақ

**5.1. Тақырыбы:** Темперамент және оның түрлері.

**5.2. Сабақтың мақсаты:**

Студенттердің өнегелік мәдениет саласында мәдени жетістіктерді біліп, негізгі заңдылықтары мен формаларын игеруге бағыттау, мораль мен өнегелік туралы білімді меңгеру және қалыптастыру, күнделікті өмірде және кәсіби салада адамгершілік құндылықтары туралы түсініктерді, өнегелік нормаларды зерттеп, қазіргі заманғы этикет ережелерін білу.

**5.3. Оқыту міндеттері:**

- Этика дамуының жалпы заңдылықтарына анализ беру;
- Өнегелік мәдениеттегі әмбебап тарихи этнорегионалды ұлттық феномендерін зерттеу, жалпы адамзаттық өнегелік құндылықтарды игеру;
- Қызметтік міндеттерін орындау мақсатында машықтарды игеру үшін қолданбалы қоғамдық денсаулық сақтау жүйесінде қазіргі заманғы өнегелік мәселелерге мінездеме беру;
- Негізгі психикалық процестердің механизмдері, психикалық күйлер және жеке қасиеттер туралы білімді қалыптастыру;
- Тиімді қарым-қатынас және тұлғаның психогигиеналық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

**5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

**Темперамент** (латын тілінен аударғанда- “қоспа, сәйкестілік” ) деп, әдетте, адамның психикасының сипатын оның байсалдылық және қозғалтқыштық деңгейін анықтайтын туа біткен ерекшеліктерін атайды.

Неміс философы **И.Кант** өзінің “Антропология” деген еңбегінде темпераменттің 4 түрі туралы толық психологиялық сипаттама береді. Бірақ ол темперамент пен мінез ұғымдарын бір – біріне балама ретінде қарастырды.

|                                                                                                           |                                                                                                            |                                                                                                      |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ | <br><b>SKMA</b><br>-1979- | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-2» кафедрасы                                                                                | 80-11-2024 ( )                                                                                             |                                                                                                      |
| Әдістемелік нұсқаулық                                                                                     | 48 беттің 40 беті                                                                                          |                                                                                                      |

Неміс анатомы *Гейне* темпераменттердің түрліше болуы жүйке жүйесінің тонусына байланысты десе, орыс антропологы *Н.Л.Зеланд* ми қабықшасындағы молекулярлық қозғалыстың жылдамдығы мен біркелкілігіне байланысты деді.

Орыс педагогы *П.Ф.Лесгафт* темпераменттерді қан сауыттарының жуандығы мен кеңдігіне байланысты деп тұжырымдады.

Темперамент жеке тұлғаға тән ең тұрақты маңызды ерекшеліктерден құралады. Ол адамның жүріс-тұрысынан, оның өзіне және қоршаған әлемге деген қатынасынан білінеді. Темперамент-бұл қарым- қатынас жасау барысындағы сыртқы ортаға, айналадағы жағдайға деген психикалық реакцияның сипаты. Темпераменттің негізгі 4 типін бөліп қараймыз:

*Сангвиник*- ширақ, көпшіл, сыртқы қоздырғышқа тез жауап береді. Бұл күшті тип, ол өзін-өзі жақсы ұстай алады, байсалды келеді.

*Холерик*- ширақ, көпшіл, қызба, сыртқы қоздырғышқа жауабы әр түрлі. Шыдамсыз, ашуланшақ болып келеді. Бір нәрсені бастаса оның тоқтату қиын. Олар тік мінезді

*Флегматик*- селқос, көп қозғалмайтын, сабырлы, ұстамды. Олар бос сөлегенді ұнатпайды, тұйық. Ұзақ және бір қалыпты жұмыс жасай алады, күтеде алады.

*Меланхолик*- селқос, біртоға. Бұл әлсіз тип, оған өзіне-өзі сенімсіздікпен жасықтық тән. Меланхолик ренжігіш, күмәншіл болып келеді.

Организмде қанның пропорциясы артық болса, ол сангвиникалық (лат. “сангиус” – қан), ал шырын басым болса (гр. “флегма” – шырын) флегматик темпераменті деп, ал организмде қара өт басым болса меланхолик (гр. “мелайне – холе” – қара өт), сары өт басым болса, холерик (гр. “холе” – өт) темпераменті деп те аталды.

Жер бетінде қанша адам болса, сонша мінез бар. Әркімнің әдепкі әдеттері әртүрлі. Алдыңғы жазбада адамның оптимистік және пессимистік көзқарастарын талқыға салған едік. Бүгінгі әңгімеміз де болмыс мәселесін төңіректейді. Бүгін экстраверт және интроверт адамдарға шағын зерттеу жүргіземіз. Бұл терминдерді Швейцария психологі Карл Густав Юнг қолданысқа енгізген еді.

Экстраверт:

- адамдармен тез араласуға бейім тұратын;
- публика алдында сөз сөйлегеннен қысылмайтын;
- кез келген әрекетін сыртқы ортамен бөлісетін адам.

Интроверт:

- жалғыздықты сүйетін;
- өз-өзімен сөйлескенді ұнататын;
- ішкі әлемінде өмір сүретін жан.

Адам бір іспен шұғылданғанда, тіпті сөйлегенде күш жұмсайды. Әдетте адам энергияны тыныс алу, тамақтану және ұйықтау арқылы алады. Ұйқымыз қанғанда, жаңа күш пайда болғандай әсерде болатынымыз сондықтан. Психологтардың айтуынша, экстраверт адамдар үшін бұл энергия жеткілікті көрінбейді. Сондықтан, олар энергияны қарым-қатынас арқылы басқа адамдардан алады. Экстравертердің үнемі жұрттың назарында болғысы келетіні осы себептен болса керек. Экстравертер алға ұмтылғыш, ашық-жарқын болып келеді. Араласатын адамдары да айтарлықтай көп болады. Себебі, ол кез келген ортаны баурап, адамдардың есінде қала алады. Дегенмен, бұл жүз достың бәрі сенімді деген сөз емес...

Ал интровертер керісінше. Олар көпшілік ортада ұзақ қалғысы келмейді, үнемі жалғыздықты жаны қалап тұрады. Адамдармен араласып-құраласып кету олар үшін оңай емес. Интровертер сезімдерін сыртқа шығара бермейтін салмақты, жабық, тұйық адамдар. Бұл эгоистік емес. Олар үшін қоршаған ортадан өз ішкі әлемі маңызды. Оның бір немесе екі досы болуы мүмкін. Көбіне олардың осы бір не екі досымен өмір-бойы сырласып өтуі ғажап емес. Психологтар сондай-ақ, шығармашылықпен айналысатын адамдардың көбі интроверт болып келеді дейді.

|                                                                                                           |                                                                                                            |                                                                                                      |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ | <br><b>SKMA</b><br>-1979- | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-2» кафедрасы                                                                                | 80-11-2024 ( )                                                                                             |                                                                                                      |
| Әдістемелік нұсқаулық                                                                                     | 48 беттің 41 беті                                                                                          |                                                                                                      |

Экстравертер қиындыққа душар болғанда, ештеңені ішіне ұстамай, айрықша эмоциямен сыртқа шығарып тастайды. Бұл қоршаған ортаның оған деген көзқарасын өзгертуі мүмкін. Ал интровертер бәрін ішінде сақтайды. Соның кесірінен тығырықтан шығатын жол таба алмай, күйзеліске түсіп кетуі ғажап емес.

**5.5. Оқыту және оқыту әдістері** (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жұппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

**5.6. Әдебиет.**

Соңғы бетте

**5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)**

**Тесттер:**

1. Тұқым қуалаушылық механизмдерінің адамның мінез-құлқына әсер етуін зерттейтін пән ... деп аталады.

- a) <variant>психодиагностика
- b) <variant>генетикалық психология
- c) <variant>жалпы психология
- d) <variant>психотерапия
- e) <variant>әлеуметтік психология

2. Адамның қоғамдағы іс-әрекетінің мінез-құлық заңдылықтарын зерттейтін ғылымға ... жатады.

- a) <variant>әлеуметтік психология
- b) <variant>медициналық психология
- c) <variant>жалпы психология
- d) <variant>ұлттық психология
- e) <variant>педагогикалық психология

3. Персонализация:

- a) <variant>өз ерекшелігін тану
- b) <variant>өзін басқа адамдармен теңестіру
- c) <variant>басқаларға икемдесу
- d) <variant>жауап әрекетке келе білу
- e) <variant>жалпы адамшылықты тану

4. Өзара сыйластық жайлаған ортада ... қатынас түрі дамиды.

- a) <variant>үйлесімді
- b) <variant>қайшылықты
- c) <variant>дау-дамайлы
- d) <variant>бейтарап
- e) <variant>тәуелді

5. Ара қатынастардың орнығуына ... кедергі келтіретін қасиет.

- a) <variant>сенімсіздік
- b) <variant>ақ көңілділік
- c) <variant>ашықтық
- d) <variant>достық
- e) <variant>ұйымшылдық

6. Адамдардың еңбек барысында әдіс-тәсіл, идея, болжамдарымен бөлісіп, алмасу құралына ... жатады.

- a) <variant>тіл
- b) <variant>ой
- c) <variant>зейін
- d) <variant>қиял
- e) <variant>сезім

|                                                                                                           |                                                                                                           |                                                                                                      |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ | <br><b>SKMA</b><br>-1979- | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-2» кафедрасы                                                                                | 80-11-2024 ( )                                                                                            |                                                                                                      |
| Әдістемелік нұсқаулық                                                                                     | 48 беттің 42 беті                                                                                         |                                                                                                      |

7. Жеке адамға байланысты «мен» ұғымының мәні ... болып табылады.

- a) <variant>өз қадірін сезе білу
- b) <variant>басқаларды бағалау қабілеті
- c) <variant>дүниеге сезімталдық
- d) <variant>заттасқан құндылыққа жақын болу
- e) <variant>астар сана ықпалға тәуелділік

8.3. Фрейд адамның психикалық іс-әрекетін анықтайтын 2 қажеттілікті ... деп айтты.

- a) <variant>либидо, агрессия
- b) <variant>практикалық, сана
- c) <variant>мотив, күйзелу
- d) <variant>сублимация, проекция
- e) <variant>агрессия, ығыстыру

9. Адамды әрекетке итермелеуші себеп ... болып табылады.

- a) <variant>қажетсіну
- b) <variant>тілек
- c) <variant>ниет
- d) <variant>сыртқы ықпал
- e) <variant>мақсат

10. Соқыр сезім импульсін қауіпті объектіден қауіпсіз объектіге ... деп аталады.

- a) <variant>ауыстыру
- b) <variant>сублимация
- c) <variant>репрессия
- d) <variant>проекция
- e) <variant>изоляция

### Ситуациялық есеп:

Психологқа 38 жастағы науқас Габденов С. келді. Оның туыстарының айтуына қарағанда, ол өте уайымшыл. Жұмыс орнында орынсыз талап қояды, келушілерді де мазалайды. Аса ұқыптылықпен үй ішіндегілерді де мазалайды.

1. Жеке тұлғаның түрін анықтаңыз.
2. Темпераменттің түрін анықтаңыз.

## 12-сабақ

**5.1. Тақырыбы:** Психодиагностика.

**5.2. Сабақтың мақсаты:**

Студенттердің өнегелік мәдениет саласында мәдени жетістіктерді біліп, негізгі заңдылықтары мен формаларын игеруге бағыттау, мораль мен өнегелік туралы білімді меңгеру және қалыптастыру, күнделікті өмірде және кәсіби салада адамгершілік құндылықтары туралы түсініктерді, өнегелік нормаларды зерттеп, қазіргі заманғы этикет ережелерін білу.

**5.3. Оқыту міндеттері:**

- Этика дамуының жалпы заңдылықтарына анализ беру;
- Өнегелік мәдениеттегі әмбебап тарихи этнорегионалды ұлттық феномендерін зерттеу, жалпы адамзаттық өнегелік құндылықтарды игеру;
- Қызметтік міндеттерін орындау мақсатында машықтарды игеру үшін қолданбалы қоғамдық денсаулық сақтау жүйесінде қазіргі заманғы өнегелік мәселелерге мінездеме беру;

|                                                                                                           |                                                                                                              |                                                                                                      |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ | <br><b>SKMA</b><br>- 1979 - | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-2» кафедрасы                                                                                | 80-11-2024 ( )                                                                                               |                                                                                                      |
| Әдістемелік нұсқаулық                                                                                     | 48 беттің 43 беті                                                                                            |                                                                                                      |

- Негізгі психикалық процестердің механизмдері, психикалық күйлер және жеке қасиеттер туралы білімді қалыптастыру;
- Тиімді қарым-қатынас және тұлғаның психогигиеналық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

#### 5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

«**Психодиагностика**» сөзі — «психологиялық диагноз қою» дегенді немесе адамның жеке өзінің психологиялық жағдайы немесе қандайда бір психологиялық қасиеттері жайлы сапалы шешім қабылдауды білдіреді. Талқыланып отырған бұл терминнің психологияда екі мағынасы бар. «Психодиагностика» ұғымының бірінші анықтамасы оны алуан түрлі психодиагностикалық құралдарды жасап, оларды практикада пайдалануға қатысты психологиялық білімдердің арнайы саласына жатқызады.

Практикалық психодиагностика психолог іс-әрекетінің әртүрлі саласында қолданылады. Дегенмен психодиагностика психологиялық іс-әрекетінің жеке, өз алдына дербес сферасы ретінде қалыптасқан. Оның басты мақсаты: психологиялық диагноз қою яғни былайша айтқанда, адамның нақты психологиялық жағдайын бағалау.

Мұндай ұғымдағы психодиагностика өз саласында мынадай мәселелерді қарастыратын ғылым болып табылады.

1. Психологиялық құбылыстардың табиғаты мен оларды ғылыми бағалаудың принципті мүмкіндіктері туралы.

2. Психологиялық құбылыстардың принципті түрде танылуы мен сандық бағалануы үшін осы уақытқа дейін қалыптасқан жалпылама ғылыми негіздемелер туралы.

3. Қазіргі уақытта қолданылып жүрген психодиагностика құралдары, қабылданған жалпылама ғылыми методологиялық талаптарға қаншалықты сай келеді.

4. Психодиагностиканың алуан түрлі құралдарына қойылатын негізгі әдістемелік талаптар қандай.

5. Психодиагностиканы жүргізу жағдайларында, алынған нәтижелерді өңдеу құралдары мен сол нәтижелерді қорыту тәсілдеріне қойылатын талаптарды қоса алғандағы практикалық психодиагностиканың нәтижелерінің сенімділігінің негіздемесі туралы.

6. Тесттерді қоса алғандағы психодиагностика әдістерінің ғылымилығын құрастыру мен тексерудің негізгі тәртібі туралы.

«Психодиагностика» терминінің екінші анықтамасы психологиялық диагнозды практика жүзінде қолданумен байланысты психологтың өзіндік саласын көрсетеді. Бұл жерде психодиагностиканы ұйымдастырып өткізуге қатысты таза практикалық мәселелер шешіледі. Оған мыналар кіреді:

1. Психодиагност ретіндегі психологқа қойылатын кәсіби талаптарды айқындау;

2. Психологтың өз жұмысын сәтті жүргізуі үшін, өзінде болуы тиісті білімдердің, ептіліктер мен дағдылардың жиынтығын білуі;

3. Психологтың практикалық жағдайларды анықтауы, оларды сақтауы, психодиагностиканың өзге де әдістерін сәтті әрі кәсіби түрде игеріп алғандығының кепілі болып табылады.

4. Психодиагностика саласындағы психологты практикалық тұрғыда дайындаудың бағдарламаларын, тәсілдері мен әдістерін жасап шығу, сонымен бірге оның осы саладағы біліктілігін бағалау;

Теориялық және практикалық мәселелердің екеуі де бір бірімен тығыз байланысты. Осы салада біліктілігі жоғары маман болуы үшін, психолог психодиагностиканың ғылыми әрі практикалық негіздерін жақсы меңгеруі тиіс. Сондықтан теориялық және практикалық мәселелер бірге, олардың қай салаға қатысы бар екендігін анықтамасада талқылана береді. Практикалық тұрғыда психодиагностика психолог қызметінің әр түрлі салаларында, мәселен, ол психологиялық педагогикалық тәжірибелердің авторы болса да, оған қатысушы ретінде жұмыс

|                                                                                                           |                                                                                                          |                                                                                                      |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ | <br><b>SKMA</b><br>1979 | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-2» кафедрасы                                                                                | 80-11-2024 ( )                                                                                           |                                                                                                      |
| Әдістемелік нұсқаулық                                                                                     | 48 беттің 44 беті                                                                                        |                                                                                                      |

істесе де және ол психологиялық кеңеспен немесе психологиялық түзету жұмыстарымен шұғылданса да пайдаланылады. Дегенмен де, практикалық психологтың жұмысында психодиагностика қызметтің жеке саласы ретінде көрінеді. Оның мақсаты психологиялық диагнозды қою болып табылады яғни адамның жеке өзінің психологиялық жағдайы. Кез- келген психологиялық — педагогикалық ғылыми тәжірибеде, дәл психодиагностика психологиялық қасиеттердің даму деңгейін білікті түрде бағалауды мақсат етеді. Әдеттегідей бұл осы тәжірибеде тексерілетін, заңды түрдегі өзгерістері болжамдарда болады деп күтілетін қасиеттер. Мәселен, ғылыми психологиялық зерттеулердің мәселелері кейбір заңдар бойынша өмір сүреді немесе белгілі бір дәрежеде әртүрлі айналымдарға тәуелді деген тұжырымдарға қатысты адамның ойлауының кейбір ерекшеліктері болуы мүмкін.

**5.5. Оқыту және оқыту әдістері** (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жұппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

#### **5.6. Әдебиет.**

Островская И.В. «Психология». Медициналық училищелер мен колледждерге арналған оқулық. М., «ГЭТАР-Медиа», 2006.

2. Н.Д. Лакосина. «Медициналық психология»-М., АКАДЕМА, 2008

3. В.Ф. Матвеев «Медициналық психологиядағы этика және деонтология негіздері»

4. Асимов М.А.«Коммуникативтік дағдылар»: оқулық/Асимов М.А., Нұрмағамбетова С.А., Игнатъев Ю.В. ҚРДСМ С.Ж. Асфендияроватындағы ҚҰМУ. Алматы: Эверо, 2009.

5. Ильин Е.П. Қарым-қатынас жасау және тұлғааралық қарым-қатынас жасау психологиясы. –СПБ.:Питер, 2009.

#### **Қосымша әдебиеттер:**

1.Карвасаркий Б.Д. «Клиникалық психология».Ұлттық медициналық кітапхана. СПб, 2004.

2.Полянцева О.И.Орта медициналықмекемелергеарналған психология. –Ростов на Дону, Феникс, 2004.

3.Психологиялық тестілер энциклопедиясы. М., ТЕРРА-кітап клубы, 2000.

4.Петрова Н.Н. Медицина мамандарына арналған психология.-М., АКАДЕМА, 2006.

5. Психология. Оқулық. Жауапты редактор А.А. Крымов.-М., «Проспект», 2004.

6.Романова Н.Н., Филипов А.В. Сөздік. Сөйлеу қатынасының мәдениеті: этика, прагматика, психология.-Москва, 2009.

#### **5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)**

##### **Тесттер:**

1.Ниетке еріктік күш қосылғанда пайда болатын бағыт-бағдар түріне ... жатады.

- a) <variant>ұмтылыс
- b) <variant>ниет
- c) <variant>көзқарас
- d) <variant>таным
- e) <variant>кұмарлық

2.Адам өмірін ... мәнді етеді және құрайды.

- a) <variant>генетика
- b) <variant>еңбек
- c) <variant>қайғыру
- d) <variant>көшіру
- e) <variant>энергия

3.Өз сезімдерін, тілектерін сана астында басқа адамға беру ... деп айтылады.

- a) <variant>ауыстыру
- b) <variant>проекция
- c) <variant>неофрейдис
- d) <variant>рационализация

|                                                                                                           |                                                                                                              |                                                                                                      |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ | <br><b>SKMA</b><br>- 1979 - | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-2» кафедрасы                                                                                | 80-11-2024 ( )                                                                                               |                                                                                                      |
| Әдістемелік нұсқаулық                                                                                     | 48 беттің 45 беті                                                                                            |                                                                                                      |

e) <variant>изоляция

4.Бұл типтегі адамдардың қуануы да, кайғыруы да қиын және қысқа мерзімді эмоциялық қозумен ерекшеленетін темперамент ... деп аталады.

- a) <variant>холерик
- b) <variant>флегматик
- c) <variant>меланхолик
- d) <variant>сангвиник
- e) <variant>астеник

5.Көңіл-күйге үйлесімсіз ақиқаттарды санадан шығарып тастау қорғанысы ... болып табылады.

- a) <variant>жоққа шығару
- b) <variant>көшіру
- c) <variant>ығыстыру
- d) <variant>оқшалау
- e) <variant>жаңалау

6.Сезімі сырттай әлсіз, тұрақты эмоциялық қозумен ерекшеленетін темперамент өкіліне ... жатады.

- a) <variant>холерик
- b) <variant>сангвиник
- c) <variant>флегматик
- d) <variant>меланхолик
- e) <variant>атлетик

7.Аутизмді (жұрттан оқшаулану) патологиялық тұйық жеке адам ... типке жатады.

- a) <variant>психастеникалық
- b) <variant>истериялық
- c) <variant>тұрақсыз
- d) <variant>шизоидты
- e) <variant>гипертимдік

8.Адамның өзі жайлы жалпы ұстанымдар жүйесі ... деп аталады.

- a) <variant>«МЕН-концепция»
- b) <variant>өмірлік міндеттер
- c) <variant>ұстанған принциптер
- d) <variant>нәсілдік белгілер
- e) <variant>мақсат мұраттар

9.Қоғамда қалыптасқан нормаларға сәйкес емес мінез-құлықтың ғылыми аталуы ... деп аталады.

- a) <variant>делинквентті
- b) <variant>агрессивті
- c) <variant>қауіпті
- d) <variant>девиантты
- e) <variant>ассоциалды

10.Жалпы мақұлданған формадағы жарлық, әлеуметтік мәнді жағдайлар- дағы мінез-құлық ережесі ... болып табылады.

- a) <variant>әлеуметтік норма
- b) <variant>антиәлеуметтік норма
- c) <variant>моральдық норма
- d) <variant>эстетикалық норма
- e) <variant>бейәлеуметтік норма

|                                                                                                           |                                                                                  |                                                                                                      |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Мейіргер ісі-2» кафедрасы                                                                                | 80-11-2024 ( )                                                                   |                                                                                                      |
| Әдістемелік нұсқаулық                                                                                     | 48 беттің 46 беті                                                                |                                                                                                      |

### Ситуациялық есеп:

Науқас Д. ұялшақ, қызғаншақ, тәуелсіздікке ұмтылады, жабысқақ, мейірімді. Сенімді және терең қарым-қатынасқа бейім. Тәуекел, қауіп жағдайынан аулақ болады. Өз ісіне жиі өкінеді. Ауру және ықтимал салдары туралы ойларды тастауға тырысады. Аурудың көрінісіндегі айқын нәрсені жоққа шығарады, оларды кездейсоқ жағдайларға жатқызады.

Қарым-қатынастың ұтымды әдісін анықтаңыз.

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN  
MEDISINA  
AKADEMIASY



SOUTH KAZAKHSTAN  
MEDICAL  
ACADEMY

«Öntüstik Qazaqstan medicina akademiasy» AQ

AO «Южно-Казакстанская медицинская академия»

«Мейіргер ісі-2» кафедрасы

80-11-2024 ( )

Әдістемелік нұсқаулық

48 беттің 47 беті

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN  
MEDISINA  
AKADEMIASY



SOUTH KAZAKHSTAN  
MEDICAL  
ACADEMY

«Öntüstik Qazaqstan medicina akademiasy» AQ

AO «Южно-Казакстанская медицинская академия»

«Мейіргер ісі-2» кафедрасы

80-11-2024 ( )

Әдістемелік нұсқаулық

48 беттің 48 беті